

**Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды ұлттық зерттеу университетінің
«8D01101 – Педагогика және психология» білім беру бағдарламасының докторанты
Аманжол Нәзерке Ізтілеуқызының «CLIL технологиясы негізінде болашақ
жаратылыстану-математикалық бағыттағы пән мұғалімдерінің кәсіби бағытталған
шет тіліндегі коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыру» тақырыбындағы
философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған диссертациялық
жұмысына ресми рецензенттің жазбаша пікірі**

p/n №	Өлшемшарттар	Өлшемшарттарға сәйкестігі (жауап нұсқаларының бірін сызу)	Ресми рецензенттің ұстанымына негіздеме (ескертуді курсивпен көрсету)
1.	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы	1.1 Ғылымды дамытудың басым бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі: 1) диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаны бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен көлемін көрсету); 2) диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауын көрсету); 3) <u>диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету) келеді.</u>	Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылымды дамытудың басым бағыты; 4. Елдің зияткерлік әлеуеті; 4.1 «Әлеуметтік, гуманитарлық ғылымдар және өнер» ғылым бағыты; 4.1.2. Психология, білім беру және ғылымтану
2.	Ғылым үшін маңыздылығы	Жұмыс ғылымға елеулі үлесін қосады/қоспайды, ал оның <u>маңыздылығы ашылған/ашылмаған.</u>	Зерттеу педагогика ғылымындағы өзекті ғылыми мәселені шешуге бағытталған: CLIL технологиясы негізінде болашақ мұғалімдердің кәсіби бағытталған шет тіліндегі коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастырудың теориялық, әдіснамалық және әдістемелік негіздері жүйеленген. Диссертация жоғары педагогикалық білім беру жағдайында пәндік және тілдік интеграцияның ғылыми тетіктерін негіздеп, педагогика саласындағы заманауи бағыттарды дамытуға нақты үлес қосады
3.	Өзі жазу принципі	Өзі жазу деңгейі: <u>1) жоғары;</u> 2) орташа; 3) төмен; 4) өзі жазбаған.	Диссертация мазмұнының құрылымдық бірізділігі, зерттеу логикасының сақталуы, авторлық модельдің, педагогикалық шарттардың, арнайы курстың және тәжірибелік-эксперименттік

			жұмыстың өзара сабақтастығы жұмыстың жоғары деңгейде дербес орындалғанын көрсетеді. Автор теориялық талдау, эмпирикалық деректер және қорытындылар арасында өзара байланыс орнатып, дербес ғылыми ұстанымын айқын көрсете алған
4.	Ішкі бірлік принципі	4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі: 1) негізделген; 2) ішінара негізделген; 3) негізделмеген.	Кіріспеде зерттеу өзектілігі жаһандану, жоғары білімді интернационалдандыру, үштілді білім беру саясаты, ағылшын тілінде пән оқыту тәжірибесі және педагог тапшылығы аясында нақты дәлелдермен ашылған. Автор дәстүрлі даярлау жүйесі мен қазіргі білім беру сұраныстары арасындағы қайшылықтарды қисынды түрде көрсеткен
		4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды: 1) айқындайды; 2) ішінара айқындайды; 3) айқындамайды.	Диссертацияның барлық тараулары тақырыпқа толық сәйкес келеді: бірінші бөлімде теориялық негіздер, екінші бөлімде педагогикалық шарттар мен құрылымдық-мазмұндық модель, үшінші бөлімде тәжірибелік-эксперименттік тексеру нәтижелері берілген. Жұмыс мазмұны тақырыптың барлық негізгі аспектілерін қамтиды
		4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді: 1) сәйкес келеді; 2) ішінара сәйкес келеді; 3) сәйкес келмейді.	Зерттеу мақсаты CLIL технологиясы негізінде кәсіби бағытталған шет тіліндегі коммуникациялық құзыреттілікті қалыптастырудың теориялық негіздері мен педагогикалық шарттарын айқындау, модель жасау және тиімділігін эксперимент арқылы дәлелдеу болып белгіленген. Осы мақсатқа сай қойылған міндеттер диссертация тарауларының мазмұнында толық шешімін тапқан
		4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен ережелері логикалық байланысқан: 1) толық байланысқан; 2) ішінара байланысқан; 3) байланыс жоқ,	Зерттеудің теориялық бөлімі, модельдік шешімі, арнайы курс мазмұны және эксперимент нәтижелері біртұтас ғылыми логикаға құрылған. Қорғауға ұсынылған қағидалар диссертацияның тиісті бөлімдерінде теориялық және эмпирикалық тұрғыдан дәйектелген
		4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағида, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі	Диссертацияда CLIL, EMI, CBI, bilingual education және Language Across the Curriculum бағыттары салыстырмалы түрде талданған,

		<p>шешімдермен салыстырылып бағаланған; 1) сыни талдау бар; 2) талдау ішінара жүргізілген; 3) талдау өз пікіріне емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген; 4) талдау жоқ.</p>	<p>отандық және шетелдік зерттеулерге сыни шолу жасалған. Автор ұсынған педагогикалық шарттар мен модель бұрынғы тәсілдерден мазмұндық және функционалдық айырмашылықтары тұрғысынан негізделген</p>
5.	Ғылыми жаңашылдық принципті	<p>5.1 Ғылыми нәтижелер мен ережелер жаңа ма? 1) толығымен жаңа; 2) ішінара жаңа (25-75% жаңа); 3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).</p>	<p>Автор кәсіби бағытталған шет тіліндегі коммуникативтік құзыреттілік ұғымын болашақ жаратылыстану-математикалық бағыттағы мұғалімдерді даярлау контекстінде жаңаша нақтылаған; оны қалыптастырудың педагогикалық шарттарын анықтаған; құрылымдық-мазмұндық моделін әзірлеген; лингводидактикалық қамтамасыз етудің тиімділігін эксперимент арқылы дәлелдеген. Бұл нәтижелер диссертацияда ғылыми жаңалық ретінде нақты тұжырымдалған</p>
		<p>5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа ма? 1) толығымен жаңа; 2) ішінара жаңа (25-75% жаңа); 3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).</p>	<p>Қорытындылар зерттеу барысында алынған авторлық нәтижелерге негізделген және жоғары педагогикалық білім беру жағдайында CLIL технологиясын қолданудың жаңа ғылыми-әдістемелік мүмкіндіктерін көрсетеді. Олар тек шолу сипатында емес, тәжірибелік-эксперименттік жұмыспен расталған жаңа тұжырымдар ретінде берілген</p>
		<p>5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе? 1) толығымен жаңа; 2) ішінара жаңа (25-75% жаңа); 3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).</p>	<p>Педагогикалық зерттеу болғандықтан мұнда техникалық не экономикалық шешімдерден гөрі технологиялық-әдістемелік шешімдер басым. Автор ұсынған арнайы курс, бағалау құралдары, CLIL-ге негізделген тапсырмалар жүйесі, scaffolding және кәсіби коммуникацияны дамытуға арналған әдістемелік тетіктер ғылыми тұрғыдан негізделген және қолданбалы жағынан жаңа</p>
6.	Негізгі қорытындылардың негізділігі	<p>Барлық негізгі қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде негізделген/негізделмеген (qualitative research (квалитатив ресеч) және өнер және гуманитарлық ғылымдар бойынша дәлдік бағыттары үшін).</p>	<p>Диссертацияда теориялық талдау, квази-эксперимент, сауалнама, жартылай құрылымданған сұхбат, педагогикалық бақылау және статистикалық өңдеу нәтижелері өзара толықтырылған. Нәтижелердің сенімділігі Cronbach's alpha сияқты көрсеткіштермен және t-критерий арқылы жүргізілген талдаумен</p>

7.	Қорғауға шығарылған негізгі ережелер	<p>Әрбір ереже бойынша келесі сұрақтарға жеке жауап беру қажет;</p> <p>7.1 Ереже дәлелденді ме? 1) дәлелденді; 2) шамамен дәлелденді; 3) шамамен дәлелденбеді; 4) дәлелденбеді; 5) бұл тұжырымда ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес.</p> <p>7.2 Тривиалды ма? 1) иә; 2) жоқ; 3) бұл тұжырымда ереженің тривиалды екенін тексеру мүмкін емес.</p> <p>7.3 Жаңа ма? 1) иә; 2) жоқ; 3) бұл тұжырымда ереженің жаңашылдығын тексеру мүмкін емес.</p> <p>7.4 Қолдану деңгейі: 1) тар; 2) орташа; 3) кең 4) бұл тұжырымда ереженің қолдану деңгейін тексеру мүмкін емес.</p> <p>7.5 Мақалада дәлелденген бе? 1) иә; 2) жоқ; 3) бұл тұжырымда мақаладағы ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес.</p>	<p>Бекітілген</p> <p>Қорғауға ұсынылған төрт негізгі қағида диссертация мәтінінде бірізді ашылған: ұғымның авторлық анықтамасы, педагогикалық шарттар кешені, құрылымдық-мазмұндық модель және лингводидактикалық қамтамасыз етудің тиімділігі теориялық және эксперименттік түрде дәлелденген. Бұл ережелер тривиалды емес, жаңалығы бар және жоғары оқу орындары, біліктілікті арттыру жүйесі мен полиязықтылық элементтері бар мектептерде қолдануға келеді; зерттеу нәтижелерінің жарияланымдарда көрініс табуы да көрсетілген</p>
8.	Дәйектілік қағидаты. Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі	<p>8.1 Әдіснаманы таңдау – негізделген немесе әдіснама нақты жазылған: 1) иә; 2) жоқ.</p> <p>8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістерін пайдалана отырып алынған: 1) иә;</p>	<p>Диссертацияда зерттеудің философиялық, теориялық және әдіснамалық негіздері нақты көрсетілген: прагматизм, конструктивизм, тұлғалық-бағдарлы және іс-әрекеттік тұғыр, құзыреттілік тәсіл, CLIL теориясы, мәдениетаралық коммуникация және көптілділік теориялары жүйелі берілген</p> <p>Автор Japovi бағдарламасын пайдаланып сандық деректерге статистикалық өңдеу жүргізген, paired t-test және басқа талдау тәсілдерін қолданған. Бұл зерттеу нәтижелерінің заманауи әдістер негізінде алынғанын көрсетеді</p>

		<p>2) жоқ.</p> <p>8.3 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді): 1) нә; 2) жоқ.</p>	<p>Ұсынылған модель мен арнайы курстың тиімділігі педагогикалық эксперимент арқылы тексерілген. Диссертацияда эксперименттік және бақылау топтарының нәтижелері салыстырылып, кәсіби коммуникация мен self-efficacy көрсеткіштерінің оң динамикасы сипатталған.</p>
		<p>8.4 Маңызды мәлідемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған / ішінара расталған / расталмаған.</p>	<p>Жұмыста отандық және шетелдік ғылыми әдебиеттердің ауқымды шоғыры пайдаланылған, оның ішінде Scopus және Web of Science базаларындағы еңбектерге сүйенген. Теориялық бөлімде CLIL, коммуникативтік құзыреттілік және көптілді білім беру бойынша заманауи зерттеулермен жүйелі байланыс жасалған.</p>
		<p>8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға жеткілікті/жеткіліксіз.</p>	<p>Әдеби шолуда қазақстандық, ресейлік және шетелдік авторлардың еңбектері қамтылған; зерттеу мәселесіне қатысты теориялық, эмпирикалық және әдіснамалық көздер жеткілікті деңгейде тартылған. Бұл диссертацияның ғылыми аппаратының толықтығын айқындайды.</p>
9	Практикалық құндылық қағидаты	<p>9.1 Диссертацияның теориялық маңызы: 1) бар; 2) жоқ.</p> <p>9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары: 1) нә; 2) жоқ.</p>	<p>Жұмыс CLIL технологиясын болашақ жаратылыстану-математикалық бағыттағы мұғалімдерді даярлауға бейімдеу арқылы педагогика ғылымының теориялық аппаратын толықтырады. Әсіресе кәсіби бағытталған шет тіліндегі коммуникативтік құзыреттілік құрылымы мен оны қалыптастыру тетіктерін нақтылауы теориялық тұрғыдан құнды.</p> <p>Автор әзірлеген «Professional Communication for Science Teachers: A CLIL Approach» арнайы курсы, әдістемелік ұсынымдар, бағалау құралдары мен диагностикалық материалдар жоғары оқу орындарында, біліктілікті арттыру жүйесінде және CLIL элементтерін қолданатын білім беру ұйымдарында пайдалануға жарамды. Зерттеу нәтижелерінің оқу үдерісіне енгізілгені де көрсетілген.</p>

		9.3 Практикалық ұсыныстар жана ма? <u>1) толығымен жана;</u> 2) ішінара жана (25-75% жана); 3) жана емес (жаңасы 25%-дан кем).	Практикаға ұсынылған курс мазмұны, лингводидактикалық кешен, кәсіби-пәндік ағылшын тілін кіріктіріп қалыптастыруға арналған әдістемелік тетіктер мен бағалау рәсімдері зерттеу тақырыбы аясында жана мазмұндық шешімдер ретінде ұсынылған
10.	Жазу және ресімдеу сапасы	Академиялық жазу сапасы: <u>1) жоғары;</u> 2) орташа; 3) орташадан төмен; 4) төмен.	Диссертацияның құрылымы ғылыми талаптарға сай, академиялық стилі сақталған, ұғымдық аппараты жүйелі, зерттеу логикасы айқын. Материалды беру тілі мен ресімделуі PhD деңгейіндегі жұмысқа қойылатын талаптарға сәйкес келеді.
11.	Диссертацияға ескертулер		Диссертациялық жұмыс барысында, бірқатар грамматикалық кеткелер кеткен. Сонымен қатар шетелдік авторлардың есімі бірде латын әрпінде, бірде кирилл әліпесіндегі транслитерациясы берілген. Шетелдік авторлардың атын жазуда бірідділікті сақтау ұсынылады, алайда бұл ескертулер тек техникалық түзетулер болғандықтан, диссертацияның мазмұны мен құндылығын төмендетпейді.
12.	Ресми рецензенттің шешімі	Философия докторы (PhD) дәрежесін беру ұсынылады. Диссертациялық жұмыс өзектілігімен, ғылыми жаңалығымен, теориялық және практикалық маңыздылығымен, нәтижелерінің негізділігімен және жеткілікті апробациясымен ерекшеленеді. Сондықтан Аманжол Нәзерке Ізгілеуқазының диссертациясы Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитетінің талаптарына сәйкес келеді деп есептеймін және авторға «8D01101 – Педагогика және психология» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін беру жөнінде он шешім қабылдауды ұсынамын	

Ресми рецензент:

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті Педагогикалық шет тілдері кафедрасының қауымдастырылған профессоры, «6D010300 – Педагогика және психология» мамандығы бойынша философия докторы (PhD)


Г.А. Ризаходжаева
РАСТАЙМЫН ӨЛІМІ
Қ.А. Ясауи атындағы
Халықаралық қазақ-түрік
университеті Кадр
бөлімінің басшысы 

